

"Ертіс" және "Оңтүстік" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларын құру және олардың қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 ақпандағы N 147 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

"Ертіс" және "Оңтүстік" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларын құру және олардың қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы "Ертіс" және "Оңтүстік" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларын құру және олардың қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы

Индустриялық-инновациялық саясат шеңберінде өңірлік дамудың тиімділігінен арттыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН** :

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) жарғылық капиталдарына мемлекет жүз пайыз қатысатын Семей қаласында орналасатын "Ертіс" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы (бұдан әрі - "Ертіс" ӘКК ҰК" АҚ) мен Шымкент қаласында орналасатын "Оңтүстік" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" (бұдан әрі - "Оңтүстік" ӘКК ҰК" АҚ) акционерлік қоғамдары құрылсын;

2) "Ертіс" ӘКК ҰК" АҚ мен "Оңтүстік" ӘКК ҰК" АҚ қызметінің негізгі мәні мемлекеттік және жеке меншік секторларды шоғырландыру, кластерлік әдіс негізінде біртұтас экономикалық нарық құру, инвестициялар мен инновациялар тарту үшін қолайлы экономикалық орта қалыптастыру, өңірлерді әлеуметтік дамытуға, сондай-ақ пайдалы қазбаларды, оның ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін пайдалы қазбалар түрлерінің және қорлары көлемінің тізбесіне сәйкес кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге, қайта өңдеуге бағытталған бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу жолымен Шығыс Қазақстан, Павлодар және Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Қызылорда облыстарының экономикалық дамуына жәрдемдесу болып белгіленсін;

3) "Ертіс" ӘКК ҰК" АҚ мен "Оңтүстік" ӘКК ҰК" АҚ қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандумды бекітсін;

4) "Ертіс" ӘКК ҰК" АҚ мен "Оңтүстік" ӘКК ҰК" АҚ қызметі үшін қажетті жер учаскелерін және республикалық, коммуналдық меншік объектілерін, оның ішінде олардың жарғылық капиталына ақы төлеуді қоса алғанда, мемлекеттік активтерді беруді қамтамасыз етсін;

5) нормативтік құқықтық актілерге тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізісін;

б) осы Жарлықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

2. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті